

Павлодар облысы бюджетінің кредиторлық берешегін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 тамыз N 1239

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 8-012-4-9 ісі бойынша шешімін орындау үшін және "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, сондай-ақ "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Павлодар облыстық атқарушы органының әлеуметтік мақсаттарға алынған несие бойынша "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамының алдында туындаған міндеттемелері бойынша, 149623118 (жүз қырық тоғыз миллион алты жүз жиырма үш мың жүз он сегіз) теңге сомасындағы кредиторлық берешегін ортақ жауапкершілік шегінде республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша шаруашылық жүргізуші субъектінің берешегін өтеу есебінен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің заңнамада белгіленген тәртіппен өтеуі туралы Кредиторлық берешекті өтеуге байланысты мәселелерді қарау жөніндегі комиссияның ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

Павлодар облыстық атқарушы органының кредиторлық берешегін өтеуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

Павлодар облыстық атқарушы органымен осы қаулының 1-тармағына сәйкес төленген сомаларды республикалық бюджетке өтеуді 2004 жылдан бастап 2004-2010 жылдардың ішінде, келісілген кесте бойынша кейіннен орнын толтыру туралы келісім
ж а с а с ы н ; < * >

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп, республикалық бюджет алдындағы көрсетілген кредиторлық берешекті өтеу жөнінде есеп айырысу жүргізуді қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.02.23. N 242
қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.06. N 225
қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы, Мемлекеттік кіріс, Көлік және коммуникациялар министрліктері "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамымен (
к е л і с і м б о й ы н ш а) б і р л е с і п :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген, мемлекеттің үлесі бар шаруашылық жүргізуші субъектінің несиені "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамына қайтару к е с т е с і н а н ы қ т а с ы н ;

осы шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкіне қойылатын талаптардың туындауын болдырмау мақсатында, оның республикалық бюджет алдындағы берешегін өтеуге берген несиесін, көрсетілген шаруашылық жүргізуші субъектінің уақытылы және толық қайтаруына белгіленген тәртіппен бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі